«Алматы облысы білім басқармасының Іле ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айналайын» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

## № 1 Педагогикалық кеңестің кезектен тыс отырысы

**Тақырыбы:** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы № 486 бұйрығымен балабақшаны аттестаттау шеңберінде «Айналайын» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.

2023-2024 оқу жылы

«Айналайын» бөбекжай -балабақшасы МКК

Педагогикалық кеңестің кезектен тыс отырысы

№1 Хаттама

**Өткізілген күні:** 04.09.2023ж

**Тақырыбы:** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы № 486 бұйрығымен балабақшаны аттестаттау шеңберінде «Айналайын» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.

**Төрайымы:** А. Адилбаева
**Хатшысы:** Ж. Несипкызова
**Қатысқандар саны:** 14
**Барлығы:** 32

Күн тәртібінде

1. 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы № 486 бұйрығымен танысу.
2. Бағалау өлшем шарттарына сәйкес «Айналайын» бөбекжай-балабақшасы МКК -ның өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша, балабақша басшысы Адилбаева Арлан Сапкызовна сөз сөйледі. 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы № 486 бұйрығымен таныстырып өтті. Бұйрыққа сәйкес білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы белгілі бір кезеңдерден тұрады, олардың бірі білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу болып табылады. Балабақшаның білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері назарға алына отырып, өзін-өзі бағалауы кемінде бес қызметкерден тұратын комиссия жүргізу ұсынылды. Осы бойынша ұсыныс енгізу сұралды. Әдіскер М. Диканбай әдістемелік ұсынымға сәйкес комиссия төрағасы болып балабақшаның бірінші басшысын анықтауды ұсынды. Комиссия құрамына осы жұмыстардың жауапкершілігі жүктелген әдіскер М. Диканбай тәжірибелі мамандар О. Бектенова, Л. Ілесбаева, М. Шагаева ұсынылды. Педагогикалық кеңеске қатысушылар бірауыздан комиссия мүшелерінің құрамына келісті.

**Шешімі:**

1. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын.

    1. Комиссия төрайымы: балабақша басшысы А. Адилбаева
       Мүшелері:
    2. М. Дикамбай -әдіскер
    3. О. Бектемова – тәлімгер тәрбиеші
    4. Л. Білісбаева – тәрбиеші
    5. М. Шагаева – тәрбиеші

2. 2023 жылдың 01 желтоқсанына дейін комиссия өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізсін және нәтижелері бойынша есеп берілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы А. Адилбаева

Хатшы: Ж. Несипакынова